



## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының 30.12.2025 жылғы №15-53-524 хатына сәйкес төмендегіні хабарлайды.

2026 жылғы 5 қаңтар мен 10 ақпан аралығында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және олардың оқырмандық көкжиегін кеңейту мақсатында «Оқы. Жаса. Ойлан» республикалық буктрейлер байқауын ұйымдастырып, өткізеді.

Осыған орай, байқау туралы ақпаратты білім беру ұйымдарының педагогтеріне жеткізу қажет. Байқау жұмыстары 2026 жылғы 20 ақпанға дейін [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) платформасында қабылданады.

«Оқы. Жаса. Ойлан» республикалық буктрейлер байқауының ережесі қосымша тіркеледі.

Басшының м.а

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Абдиева  
Телефон: 87474736727

**«Оқы. Жаса. Ойлан.»**  
**республикалық буктрейлерлер байқауын өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Оқы. Жаса. Ойлан.» республикалық буктрейлерлер байқауын өткізу қағидалары (бұдан әрі – **Байқау**) оның мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

**2. Байқаудың мақсаты:** балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және олардың оқырмандық көкжиегін кеңейту.

**3. Байқаудың міндеттері:**

- 1) Қатысушылардың мәтінді шығармашылық тұрғыда қайта баяндау, интерпретациялау және визуализациялау дағдыларын дамытуға ықпал ету.
- 2) Шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға және оқырмандық жетістіктерді көрсетуге мүмкіндік беретін алаң ұсыну.
- 3) Ойын, байқаулық және жобалық форматтар арқылы кітап оқуға деген уәждемені арттыру.
- 4) Балаларды кітап оқуға тарту мәселелерінде мектеп, кітапхана және отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесу.

4. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (бұдан әрі **Ұйымдастырушы**) тарапынан [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) платформасында қашықтық форматта өткізіледі.

5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамын Ұйымдастырушы бекітетін ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы құрылады.

**2. Байқауды өткізу мерзімдері мен тәртібі**

6. Байқау **2026 жылғы 5 қаңтар мен 10 ақпан** аралығында өткізіледі. Өтінімдер қабылдау және қатысу жарнасын төлеу **2026 жылғы 5 қаңтар мен 5 ақпан** аралығында [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) сайтында жүзеге асырылады.

7. Белгіленген мерзімнен кеш түскен немесе талаптарды бұза отырып рәсімделген өтінімдер қаралмайды.

8. Байқауға қатысу үшін кіру жарнасы **3000** (үш мың) теңгені құрайды.

9. Жеңімпаздардың дипломдарының және қатысушылардың сертификаттарының электрондық нұсқалары **2026 жылғы 20 ақпаннан** бастап платформадағы қатысушылардың жеке кабинеттерінде қолжетімді болады.

10. Ұйымдастырушы Байқауды өткізу мерзімдерін ұзартуға құқылы. Өзгерістер болған жағдайда ақпарат платформада орналастырылады.

11. Ұйымдастырушы авторлығын көрсете отырып, үздік байқау материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау құқығын өзіне қалдырады.

**3. Байқауға қойылатын талаптар**

12. Байқауға меншік нысаны мен түріне қарамастан мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

**13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:**

- 1) балалар әдебиетіне арналған үздік буктрейлер;
- 2) өнер мен мәдениет туралы басылымдарға арналған үздік буктрейлер;
- 3) классикалық әдебиетке арналған үздік буктрейлер;
- 4) мотивациялық әдебиетке арналған үздік буктрейлер;
- 5) фэнтези және ғылыми әдебиетке арналған үздік буктрейлер.

– Буктрейлер (кітаптың бейнеролик-презентациясын) әзірлеу. Бейнероликтің ұзақтығы (<http://www.youtube.com> арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме) 3 минуттан 5 минутқа дейін болуы тиіс.

– жұмысты [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) платформасына орналастыру қажет.

Қатысушылардың жас санаттары – білім алушылар: 6–8 жас, 9–12 жас. Өтінімде келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- қатысушының/қатысушылардың аты-жөні (Т.А.Ә.);
- жасы, сыныбы, білім беру ұйымының атауы мен мекенжайы
- жетекшінің/тәлімгердің байланыс деректері.

Қазақ немесе орыс тілдерінде орындалған тек жеке жұмыстар ғана қабылданады, топтық жұмыстар қабылданбайды. Байқаудың бір қатысушысына тек бір ғана жетекші бекітіледі.

Байқаудың бір қатысушысының өтінімі мен байқау материалдары бір папкамен жіберілуі тиіс. Жетекшінің бірнеше қатысушысы болған жағдайда, әр қатысушыға өтінім жеке толтырылады, ал материалдар жеке папкалармен жіберіледі.

### 13. Бағалау критерийлері

– Таңдалған кітаптың өзектілігі;

- Идеяның және материалды ұсыну тәсілінің түпнұсқалығы;
- Креативтілік және көркемдік безендірілуі;
- Бейнероликтің техникалық сапасы;

– Хронометраж талаптарының сақталуы.

14. Бір қатысушы тек бір номинация бойынша ғана өтінім бере алады.

15. Интернет желісінен алынған өзге авторлардың контентін, бейнематериалдарын немесе фрагменттерін пайдалануға қатаң тыйым салынады. Байқау жұмыстары түпнұсқа, бұрын жарияланбаған болуы тиіс.

### 4. Байқаудың қорытындысын шығару

16. Байқау жұмыстары қазылар алқасының мүшелері бекітілген критерийлер бойынша бағаланады (10 балдық шкала бойынша). Әр жұмыс кемінде **үш қазылар алқасы мүшесі** тарапынан бағаланады.

17. Бағалау қорытындысы бойынша қатысушының орташа ұпайы анықталады, ол барлық қазылардың қойған бағаларының арифметикалық орташа мәні ретінде есептеледі.

18. Дипломдарды жеңімпаздар арасында бөлу дифференцияланған тәсіл принципі бойынша жүзеге асырылады: **жеңімпаздардың саны жалпы қатысушылар санының 45–60%** аясында анықталады.

19. Байқау жеңімпаздары жетекшінің аты-жөні көрсетілген **I, II және III дәрежелі** дипломдармен марапатталады. Жүлделі орындарға ие болмаған қатысушылар **қатысқаны үшін сертификаттар** алады.

20. Дипломдар мен сертификаттардың электрондық нұсқалары 2026 жылғы 20 ақпанда [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) платформасындағы қатысушылардың жеке кабинеттерінде орналастырылады.

21. Анықтама үшін байланыс:

- Платформаның техникалық мәселелері бойынша: 8 (717) 2-57-41-60
- Байқау туралы сұрақтар бойынша: 8 (717) 2-57-41-51

## ПОЛОЖЕНИЕ

о проведении Республиканского конкурса буктрейлеров  
«Читай. Твори. Думай.»

## 1. Общие положения

1. Настоящие Правила проведения Республиканского конкурса буктрейлеров «Читай. Твори. Думай.» (далее – Конкурс) определяют цели, задачи, порядок и условия его проведения.
2. Цель Конкурса: повышение интереса детей к чтению и расширение их читательского кругозора.
3. Задачи Конкурса:
  - 1) Способствовать развитию у участников навыков творческого пересказа, интерпретации и визуализации текста.
  - 2) Предоставлять площадку для творческой самореализации и демонстрации читательских достижений.
  - 3) Повышать мотивацию к чтению через игровой, конкурсный и проектный форматы.
  - 4) Содействовать укреплению сотрудничества между школой, библиотекой и семьёй в вопросах приобщения детей к чтению.
4. Конкурс проводится РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства просвещения Республики Казахстан (далее – Организатор) в дистанционном формате на платформе [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz).
5. Для организации и проведения Конкурса создаются оргкомитет и жюри, состав которых утверждается Организатором.

## 2. Сроки и порядок проведения Конкурса

6. Конкурс проводится с **5 января по 10 февраля 2026 года**.
7. Приём заявок и оплата осуществляется на сайте [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) с **5 января по 5 февраля 2026 года**  
Заявки, поступившие позднее указанного срока или оформленные с нарушением требований, не рассматриваются.
8. Вступительный взнос за участие в Конкурсе составляет 3000 (три тысячи) тенге.
9. Электронные версии дипломов победителей и сертификатов участников будут доступны с **20 февраля 2026 года в личных кабинетах участников на платформе**.
10. Организатор вправе продлить сроки проведения Конкурса. В случае изменений информация размещается на платформе.
11. Организатор оставляет за собой право публикации лучших конкурсных материалов в средствах массовой информации с указанием авторства.

## 3. Требования к конкурсу

12. В Конкурсе принимают участие обучающиеся организаций образования, реализующих образовательные учебные программы дошкольного, начального, основного среднего, общего среднего, дополнительного образования независимо от типов и форм собственности.
  13. Конкурс проводится по следующим номинациям:
    - 1) лучший буктрейлер к детской литературе;
    - 2) лучший буктрейлер к изданиям об искусстве и культуре;
    - 3) лучший буктрейлер к классической литературе;
    - 4) лучший буктрейлер к мотивационной литературе;
    - 5) лучший буктрейлер к фэнтези и научной литературе.
- Создать буктрейлер (видеоролик-презентацию книги), продолжительность видеоролика (ссылка на видеоматериал, размещённый на канале <http://www.youtube.com> ) должна составлять от 3 до 5 минут.
- Придерживаться норм этики и авторского права.
- Разместить на платформе [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz).
- Возрастные категории участников обучающиеся (6-8 лет, 9-12 лет):
- ФИО участника/участников;
  - Возраст, класс, наименование и адрес образовательной организации;
  - Контактные данные руководителя/наставника.

Принимаются только индивидуальные работы на казахском или русском языках, групповые работы не принимаются. На одного участника Конкурса может быть только один руководитель.

Заявка и конкурсные материалы одного участника Конкурса должны быть направлены одной папкой. При наличии у руководителя нескольких участников Конкурса, заявка заполняется отдельно на каждого, материалы участников направляются отдельными папками.

### 13. Критерии оценки

- Актуальность выбранной книги;
- Оригинальность идеи и подачи материала;
- Креативность и художественное оформление;
- Техническое качество видеоролика;
- Соблюдение хронометража.

14. Один участник может подать заявку только **в одной номинации**.

15. Категорически запрещается использование чужого контента, видеоматериалов или фрагментов, взятых из сети Интернет. Конкурсные работы должны быть оригинальными и ранее не опубликованными.

## 4. Подведение итогов Конкурса

16. Конкурсные работы оцениваются членами жюри по утверждённым критериям (по 10-балльной шкале). Каждую работу оценивают **не менее трех членов жюри**.

17. По итогам оценивания определяется **средний балл участника**, рассчитываемый как арифметическое среднее всех выставленных оценок членами жюри.

18. Распределение дипломов среди победителей осуществляется на основе принципа дифференцированного подхода: количество победителей определяется в пределах 45–60 % от общего числа участников.

19. Победители Конкурса награждаются **дипломами I, II и III степени** с указанием Ф.И.О. руководителя, подготовившего участника. Участники, не занявшие призовых мест, получают **сертификаты за участие**.

20. Электронные версии дипломов и сертификатов размещаются в личных кабинетах участников на платформе [smartziyatker.kz](http://smartziyatker.kz) 20 февраля 2026 года.

21. Контакты для справок:

- по техническим вопросам работы платформы: 8 (717) 2 -57-41-60
- по вопросам проведения Конкурса: 8 (717) 2 -57-41-51